



Сапа бойынша есеп

*2019 жылғы түпкілікті тұтыну әдісімен
есептелген жалпы ішкі өнім*

Мазмұны

- S.1 Байланыс деректері
- S.2 Кіріспе - Өзектілік
- S.3 Метадеректерді жаңарту
- S.4 Статистикалық ақпаратты ұсыну
- S.5 Өлшем бірлігі
- S.6 Есепті кезең
- S.7 Құқықтық негіз
- S.8 Құпиялылық және деректерді қорғау
- S.9 Жарияланымдар саясаты
- S.10 Тарату жиілігі
- S.11 Тарату форматы, қолжетімділік және нақтылық
- S.12 Құжаттаманың қолжетімділігі
- S.13 Сапаны басқару
- S.14 Өзектілік
- S.15 Дәлдік және сенімділік (байқау түрін ескерумен толтырылады)
- S.16 Уақтылық және ұқыптылық
- S.17 Салыстырмалылық
- S.18 Келісушілік
- S.19 Жүктеме
- S.20 Деректерді қайта қарау
- S.21 Статистикалық деректерді өңдеу
- S.22 Ескерту

S.1 Байланыс деректері

S.1.1 Ұйым

Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы

S.1.2 Құрылымдық бөлімше

Ұлттық шоттар департаменті

S.1.3 Байланысатын тұлғаның аты

Тоғжан Жәнібекқызы Бектұрова

S.1.3.1 Жауапты құрылымдық бөлімше басшысының аты

Әсет Ерікұлы Нақыпбеков

S.1.5 Байланысатын тұлғаның пошталық мекенжайы

010000, Қазақстан, Нұр-Сұлтан қаласы, Сол жағалау, Мәңгілік ел көшесі 8, 4-кіреберіс

S.1.6 Байланысатын тұлғаның электрондық пошта мекенжайы

to.bekturova@aspire.gov.kz

S.1.7 Байланысатын тұлғаның телефон нөмірі

+7(7172)74-97-92

S.2 Кіріспе - Өзектілік

Ұлттық шоттар жүйесінің (бұдан әрі - ҰШЖ) негізгі мақсаты - экономиканың тиімділігін талдау және бағалау үшін қолайлы макроэкономикалық мәліметтер базасын құру үшін пайдаланылатын кешенді тұжырымдамалық негіздер мен есеп құрылымын ұсыну. Мұндай мәліметтер базасының болуы дұрыс және ұтымды саясат пен тиісті шешімдерді әзірлеудің алғышарты болып табылады.

ҰШЖ мәні экономика салаларының ұдайы өндіріс процесінің әртүрлі сатыларындағы дамуының жинақтап қорытылған көрсеткіштерін есептеп шығаруға және осы көрсеткіштердің бір-бірімен өзара үйлесуіне саяды. Ұдайы өндірістің әрбір сатысына арнаулы шот немесе шоттар тобы сәйкес келеді. Осылайша, өндірілген тауарлар мен қызметтер құнының қозғалысын, сондай-ақ өндіруден пайдалануға дейінгі қосылған құнды бақылап отыру мүмкіндігі бар.

S.3 Метадеректерді жаңарту

S.3.1 Жаңартылған метадеректерді соңғы растау

S.3.2 Метадеректерді соңғы орналастыру

S.3.3 Метадеректерді соңғы жаңарту

S.4 Статистикалық ақпаратты ұсыну

S.4.1 Деректерді сипаттау

Жалпы ішкі өнімді (бұдан әрі - ЖІӨ) түпкілікті пайдалану компоненттері ҰШЖ-да тауарлар мен қызметтер шотында, қолда бар кірісті пайдалану шотында және капиталмен жасалатын операциялар шотында көрсетіледі. Тауарлар мен қызметтер шоты ҰШЖ-де іргелі ұқсастықты көрсетеді, өндірілген тауарлар мен қызметтер тұтынылуы, жинақтау үшін пайдаланылуы немесе экспортталуы тиіс және осы елде пайдаланылған барлық тауарлар мен қызметтер осы елде өндірілуі немесе импортталуы тиіс. Қолда бар табысты пайдалану шоты соңғы тұтынуға арналған шығыстарды (мемлекеттік басқару, ҰШҚКЕҰ және үй шаруашылықтары) жүзеге асыратын секторлар үшін қолда бар табыс түпкі тұтыну мен жинақ арасында бөлінетінін көрсетеді.

ЖІӨ-ні түпкілікті тұтынудың компоненттері:

- түпкілікті тұтыну шығыстары;
- жалпы жинақтау;
- таза экспорт

болып табылады.

Табыстар әдісімен ЖІӨ есептеу келесі формула бойынша жүзеге асырылады:

$$\text{ЖІӨ} = \text{ТТШ} + \text{ЖЖ} + \text{ТЭ}$$

мұндағы:

ЖІӨ – жалпы ішкі өнім;

ТТШ – түпкілікті тұтынуға шығыстар;

ЖЖ – жалпы қорланым;

ТЭ – таза экспорт.

Таза экспорт экспорт пен импорттың айырмасын көрсетеді.

ЖІӨ түпкілікті тұтыну әдісімен есептеу үшін жалпы мемлекеттік байқауларының деректері, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің (мемлекеттік бюджетінің кірістері мен шығыстары туралы есептер), Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің деректері (Төлем балансы, екінші деңгейлі банктердің, сақтандыру ұйымдары қызметі туралы есептер) ақпарат дереккөздері болып табылады.

2 Жіктеу жүйесі

NACE rev.2 халықаралық жіктеуішпен үйлестірілген Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуіші (03-2007 ҚР ҰЖ) . Экономика секторларының жіктеуіші, Мемлекеттік басқару органдары функциялары жіктеуіші, Үй шаруашылық- тарына қызмет көрсететін коммерциялық емес ұйымдар мақсаттарының статистикалық жіктеуіші, Мақсаттар бойынша жеке тұтыну жіктеуішіне тауар айқындалмаларының 2008 Ұлттық шоттар жүйесімен сәйкес әзірлеген. Жіктеуіштер Ұлттық статистика бюросының www.stat.gov.kz сайтында "Жіктеуіштер" бөлімінде орналастырылған.

S.4.3 Секторлық қамту

Елдің экономикасын тұтастай құрайтын резиденттік институционалдық бірліктер бір-бірін өзара жоққа шығаратын бес институционалдық секторға топтастырылады: қаржылық емес корпорациялар секторы; қаржылық корпорациялар секторы; мемлекеттік басқару секторы; үй шаруашылықтарының секторы, үй шаруашылықтарына қызмет көрсететін коммерциялық емес ұйымдар секторы (бұдан әрі – ҮШҚКЕҰ).

ҮШЖ елдің тұтас экономикасын сипаттайды. Экономикалық мүдделердің басым орталығы сол елдің экономикалық аумағында орналасқан барлық бірліктер қамтылады (басқа елдермен атқарылатын операцияларды қоса).

S.4.4 Статистикалық тұжырымдамалар және анықтамалар

ЖІӨ – елдің экономикалық қызметінің соңғы нәтижесін сипаттайтын ұлттық шоттар жүйесінің маңызды көрсеткіштерінің бірі.

Түпкілікті тұтыну – жеке үй шаруашылықтары немесе тұтастай алғанда қоғам олардың жеке немесе ұжымдық мұқтаждары мен қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін толық пайдаланған тауарлар мен қызметтерді тұтыну.

Жалпы қорланым – негізгі капиталдың жалпы жиналуының, материалдық айналым қаражаты қорларының өзгеруінің және олардың істен шығуын шегергендегі құндылықтарды сатып алудың жалпы құны.

Материалдық айналым құралдары – бұл ағымдағы кезеңде немесе бұдан ерте кезеңде пайда болған және сатуға, өндірісте пайдалануға немесе кейінірек басқа пайдалану түрлеріне арналған тауарлар мен көрсетілетін қызметтерден тұратын өндірілген активтер.

Материалдық айналым құралдары запастарының өзгерісі – қорлардың шығып қалуындағы құнын шегергендегі және есепті кезең ішінде материалдық айналым құралдары запастарында болған тауарлардың кез келген ағымдағы шығасыларының құнын шегергендегі материалдық айналым құралдары запастарындағы түсімдердің құны.

Негізгі капиталдың жалпы қорланымы (бұдан әрі – НКЖЖ) – өндірушілердің болашақта жаңа табысты қалыптастыру үшін өндірісте қолданатын негізгі құралдардың шығып қалуын шегергендегі жаңа және қолда бар құралдардың сатып алған құны.

Импорт – тауарлар мен қызметтерді ішкі нарықта өткізу үшін шетелден әкелу.

Экспорт – тауарлар мен қызметтерді сыртқы нарықта өткізу үшін шетелге әкету.

Үй шаруашылықтары – бірге тұратын, өз табыстары мен мүлкін толықтай немесе ішінара біріктіретін және тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді бірлесіп тұтынатын бір немесе одан да көп жеке тұлғалардан құралған экономикалық субъект.

Мемлекеттік басқару органдары - өзінің саяси функциялары мен олардың экономиканы реттеудегі ролін орындауға қосымша ретінде жалпы алғанда нарықтық емес негізде жеке немесе ұжымдық тұтыну үшін қызметтерді (тауарлар) өндіретін және табыс пен байлықты қайта бөлетін институционалдық бірліктердің жиынтығы.

Үй шаруашылықтарына қызмет ететін коммерциялық емес ұйымдар - үй шаруашылықтары немесе жалпы қоғам үшін нарықтық емес қызметтерді өндірумен айналысатын және олардың ресурстары ерікті жарналар есебінен қалыптасатын экономикалық субъектілер.

S.4.5 Статистикалық объект

Елдің экономикасын тұтастай құрайтын резиденттік институционалдық бірліктер. Институционалдық бірлік, егер осы елдің экономикалық аумағында оның экономикалық мүдделерінің басым орталығы орналасқан болса, яғни ол осы аумақта экономикалық қызметпен біршама ұзақ кезеңде (бір жыл немесе одан да көп) айналысса, онда ол елдің резиденттік бірлігі болып табылады.

S.4.6 Бас жиынтық (зерттеу бірліктерін іріктеу қағидаты)

Қолданылмайды.

S.4.7 Аумақтық қамту

Жалпы Қазақстан Республикасы.

S.4.8 Қамту уақыты

Түпкілікті тұтыну әдісімен ЖІӨ 1990 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейінгі қатарларын қамтиды (жылдық деректер).

S.4.9 Базалық кезең

ЖІӨ және оның компоненттердің базалық кезең өткен жылғы тиісті кезең болып табылады.

S.5 Өлшем бірлігі

Миллион қазақ теңгесі

S.6 Есепті кезең

Жыл

S.7 Құқықтық негіз

S.7.1 Құқықтық база

1. «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы №257-IV Заңы.
2. Заңнамамен белгіленген тәртіпте бекітілетін Статистикалық жұмыстар жоспары.
3. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы басшысының бұйрығымен бекітілетін Ресми статистикалық ақпаратты тарату графигі.

S.8 Құпиялылық және деректерді қорғау

S.8.1 Құпиялылық саясаты

1. «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы №257-IV Заңының 8-бабына сәйкес респонденттер ұсынатын деректердің құпиялылығына және қорғалуына кепілдік қамтамасыз етіледі.
2. Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 29 қазандағы №375-V Кәсіпкерлік кодексінің 28-бабы коммерциялық құпиядан тұратын ақпаратты қорғауды қамтамасыз етеді.
3. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы басшысының 2021 жылғы 10 ақпандағы №20 бұйрығымен бекітілген Ақпараттық қауіпсіздік саясаты (бұдан әрі – Саясат) Ұлттық статистика бюросының ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы мақсаттарын, міндеттерін, басқару қағидаттары мен практикалық тәсілдерін айқындайды. Саясаттың негізгі мақсаты ресми статистикалық ақпараттың қолжетімділігін, Ұлттық статистика бюросының есептеу техникасы құралдарында өңделетін және сақталатын ақпараттың құпиялылығын оның тұтастығы және теңтүпнұсқалығы болу шартында қамтамасыз ету болып табылады.

S.8.2 Құпиялылық – деректермен жұмыс істеу

Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 2 шілдедегі №168 бұйрығымен бекітілген Деректер базаларын сәйкестендірілмеген түрінде ғылыми мақсаттарда ұсыну және пайдалану қағидалары. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2010 жылғы 13 тамызда №6388 болып тіркелген.

S.9 Жарияланымдар саясаты

S.9.1 Жарияланым күнтізбесі

«Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы № 257-IV Заңының 26-бабының 1 және 2-тармағы.

Статистикалық жұмыстар жоспары және Ресми статистикалық ақпаратты тарату графигі ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының www.stat.gov.kz сайтында «Басты бет»/«Негізгі құжаттар» бөлімінде орналастырылған.

S.9.2 Графикке қолжетімділік

ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының www.stat.gov.kz сайтында «Басты бет»/«Негізгі құжаттар» бөлімінде барлық пайдаланушыларға бірдей және бір мезгілде қолжетімді.

S.9.3 Пайдаланушы үшін қолжетімділік

ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының www.stat.gov.kz сайты. Ресми статистика / Салалар бойынша / Ұлттық шоттар статистикасы.

S.10 Тарату жиілігі

Жыл; тоқсан

S.11 Тарату форматы, қолжетімділік және нақтылық

S.11.1 Жаңалықтарды жариялау

S.11.2 Жарияланымдар

1) "Түпкілікті тұтыну әдісімен есептелген жалпы ішкі өнім" жедел ақпараты Ұлттық статистика бюросының www.stat.gov.kz сайтында Ресми статистика / Салалар бойынша / Ұлттық шоттар статистикасы / Статистика / Жедел ақпарат бөлімінде тоқсан сайын Word форматында, қазақ және орыс тілдерінде жарияланады.

2) «Қазақстан Республикасы ішкі экономикасының ұлттық шоттары» статистикалық бюллетень Ұлттық статистика бюросының www.stat.gov.kz сайтында Ресми статистика / Салалар бойынша / Ұлттық шоттар статистикасы / Статистика / Бюллетень бөлімінде жыл сайын Excel форматында, қазақ және орыс тілдерінде жарияланады.

3) «Қазақстан Республикасының ұлттық шоттары» статистикалық жинағы экономика секторлары бойынша соңғы бес жылдардағы деректерді қамтиды. Статистикалық жинақ Ұлттық статистика бюросының www.stat.gov.kz сайтында Ресми статистика / Жариялымдар / Статистикалық жинақтар / Қазақстан Республикасының ұлттық шоттары бөлімінде Word және PDF форматтарында, қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде жарияланады.

S.11.3 On-line режимдегі деректер қоры

«Талдау» ақпараттық-талдамалық жүйесі > Ұлттық шоттар статистикасы.

S.11.3.1 АС1. Деректер кестесі -кеңестер

Іске асырылмаған.

S.11.4 Микродеректерге қолжетімділік

Ресми статистиканы дайындау мақсатында жиналған деректерді тарату «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы Заңының 8-бабында көзделген талаптарға негізделеді, осыған сәйкес респонденттер ұсынатын деректердің құпиялылығына және қорғалуына кепілдік қамтамасыз етіледі.

Микродеректерге қолжетімділік және микродеректердің анонимділігі Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 2 шілдедегі № 168 бұйрығымен бекітілген Деректер базаларын сәйкестендірілмеген түрінде ғылыми мақсаттарда ұсыну және пайдалану қағидаларымен реттеледі. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2010 жылғы 13 тамызда №6388 болып тіркелген.

S.11.5 Өзге де

S.11.5.1 АС 2. Метадеректер – кеңестер

Іске асырылмаған.

S.12 Құжаттаманың қолжетімділігі

S.12.1 Әдіснама бойынша құжаттама

Ұлттық шоттар жүйесі, 2008 (ЕУРОСТАТ Еуропалық Қоғамдастықтардың Комиссиясы, Халықаралық Валюта Қоры (ХВҚ), Экономикалық Үлгілік және Даму Ұйымы (ЭЫДҰ), Біріккен Ұлттар Ұйымы (БҰҰ), Дүниежүзілік Банкі басып шығарған). <https://unstats.un.org/unsd/nationalaccount/docs/SNA2008Russian.pdf>.

S.12.2 Сапа бойынша құжаттама

1. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының басшысы 2020 жылғы 16 қарашада бекіткен Сапа саласындағы саясат.
2. Сапа менеджменті жүйесінің құжатталған ақпараты: Сапа бойынша нұсқау; Құжатталған рәсімдер; Нұсқаулықтар; Процестер карталары.
3. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2015 жылғы 30 наурыздағы № 53 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік органдардың статистикалық ақпаратты түзу процесін сипаттаудың үлгілік әдістемесі.
4. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2018 жылғы 23 мамырдағы № 63 бұйрығымен бекітілген Ресми статистикалық ақпараттың сапасын бағалау әдістемесі.

S.13 Сапаны басқару

S.13.1 Сапаны қамтамасыз ету

Ұлттық шоттар статистикасы бойынша деректердің сапасы және анықтығы жалпыға бірдей қабылданған рәсімдермен құпталады:

- халықаралық стандарттарға сәйкес деректердің салыстырымдылығын қамтамасыз ету үшін халықаралық ұсынымдарға сәйкес қалыптастыру;
- тауарлардың, өнімдердің, қызметтердің стандартты статистикалық жіктелімін пайдалану;
- статистикалық деректердің салыстырмалы талдауы жүргізіледі.

S.13.2 Сапаны бағалау

Сапа 2008 ҰШЖ халықаралық стандартының тұжырымдамаларын қатаң қолданумен және деректердің анықтығымен қамтамасыз етіледі.

S.14 Өзектілік

S.14.1 Қажеттілік

Ұлттық шоттар экономикалық саясатты бақылау және шешімдер қабылдау, болжау үшін, әкімшілік мақсаттар үшін, қоғамды ақпараттандыру үшін және экономикалық зерттеулер үшін деректері негізгі ақпарат болып табылады. Ұлттық шоттардың жылдық деректерінің пайдаланушылары әдетте қысқа мерзімді перспективада экономикадағы құрылымдық өзгерістерді талдауға назар аударады.

Негізгі пайдаланушылар:

ҚР Ұлттық банкі;
мемлекеттік органдар;
ғылыми-зерттеу институттары;
халықаралық ұйымдар (ЕурАзЭҚ, ТМД Статкомитеті және тағы басқаралары);
ЖОО оқытушылары, студенттер және тағы басқаралары.

S.14.2 Пайдаланушылардың қанағаттанушылығы

Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы Q-002 «Пайдаланушыларға сауал салу» сауалнамасына сәйкес жыл сайын статистикалық ақпараттарды пайдаланушыларға сауал салу жүргізеді. Сонымен қатар, пайдаланушылардың сауалдарына жауаптар ресми түрде де, құзырет шеңберінде де жүйелі түрде қалыптасады.

S.14.3 Толықтығы/ R1. Деректердің толықтығы - үлес

2008 ҰШЖ халықаралық стандартына сәйкес.

S.15 Дәлдік және сенімділік (байқау түрін ескерумен толтырылады)

S.15.1 Жалпы дәлдік

Бастапқы деректердің дәлдігі деректер көздерінің әдіснамалық негізділігін бағалау және әдіснамалық ұсынымдарды сақтау арқылы бақыланады.

S.15.2 Іріктеме қатесі - индикаторлар/A1.

Қолданылмайды.

S.15.3 Іріктемемен байланысты емес қате

Қолданылмайды.

S.15.3.1 Қамту қатесі

Қолданылмайды.

S.15.3.1.1 A2. Қамтуды арттыру - үлес

Қолданылмайды.

S.15.3.1.2 A3. Жалпы бірліктер - арақатынас

Қолданылмайды.

S.15.3.3 Жауап жоқ болу қателері

S.15.3.3.1 A4. Жауап жоқ болу бірлігі – үлесі

Қолданылмайды.

S.15.3.3.2 A5. Жауап жоқ болу тармағы – үлесі

Қолданылмайды.

S.16 Уақтылық және ұқыптылық

S.16.1 Уақтылық

S.16.1.1 TP1. Күту кезеңі – алғашқы нәтижелер

Түпкілікті тұтыну әдісімен есептелген ЖІӨ статистикалық жұмыстар жоспарында көрсетілген мерзімдерге сәйкес жарияланады. Токсандық мәліметтер (жинақталған) есепті кезеңнен 105 күн өткен соң, алдын ала жылдық деректер есепті кезеңнен кейін 120 күн өткен соң жарияланады.

S.16.1.2 TP2. Күту кезеңі – соңғы нәтижелер

Есептік жылдық деректер есепті кезеңнен 320 күн өткен соң жарияланады.

S.16.2 Ұқыптылық

S.16.2.1 Ұқыптылық/TP3

Статистикалық жұмыстар жоспарына сәйкес мерзімдерде жарияланады және таратылады.

2020 жылға арналған статистикалық жұмыс жоспарына сәйкес «2019 жылға арналған ішкі жалпы өнім» экспресс-ақпаратын жариялау мерзімі 2020 жылдың 30 сәуірі (алдын-ала деректер) және 16 қарашасы (есептік деректер).

2019 жылғы түпкілікті тұтыну әдісімен есептелген ЖІӨ компоненттері

	Алдын-ала деректер, млн. теңге	Есептік деректер, млн. теңге	Алшақтық, %
Түпкілікті тұтынуға шығыстар	42 497 817,8	42 700 693,7	0,5
Жалпы қорланым	18 605 173,9	19 210 178,5	3,3
Экспорт	25 196 798,6	25 336 984,8	0,6
Импорт	19 232 858,9	19 760 914,8	2,7
ЖІӨ (түпкілікті тұтыну әдісімен есептелген)	67 066 931,4	67 486 942,2	0,6

2019 жылғы түпкілікті тұтыну әдісімен есептелген ЖІӨ компоненттерінің НКИ, өткен жылға пайызбен

	Алдын-ала деректер	Есептік деректер
Түпкілікті тұтынуға шығыстар	107,2	107,4
Жалпы қорланым	109,0	112,2
Экспорт	102,2	102,0
Импорт	111,6	114,9
ЖІӨ	104,5	104,5

Есептік деректер ЖІӨ мен оның компоненттерін сапалы бағалау үшін қажет ақпарат көздерін толығырақ қамтуды қамтамасыз етеді. Мысалы, НКЖЖ есептеу көздерінің бірі респонденттер жыл сайын ғана ұсынатын «Негізгі қорлардың жағдайы туралы есеп» 11-ші формасының деректері болып табылады.

ЖІӨ компоненттерінің НКИ өзгеруі есепті кезеңдегі номиналды мәндердің өзгеруіне байланысты. Көрсеткішті базалық кезең бағаларында есептеу үшін өлшенген дефлятор қолданылады. Тиісінше, ЖІӨ компонентіндегі құрылымның өзгеруі дефлятордың өзгеруіне және сәйкесінше оның НКИ өзгеруіне әкеледі.

S.17 Салыстырмалылық

S.17.1 Географиялық салыстырмалығы

Есептеулер 2008 ҰШЖ әдіснамасына сәйкес жүргізілетіндіктен, халықаралық деңгейде салыстырылмалы.

S.17.1.1 Ағындардың айналы статистика бойынша ассиметриясы – коэффициент/СС1

Қолайсыз.

S.17.2 Салыстырылатын уақыт қатарларының ұзақтығы/СС2

1990 жылдан бастап уақыт қатарлары жарияланған (жылдық деректер).

S.18 Келісушілік

S.18.1 Сыртқы келісушілік, айқасқан

Есептеулер Халықаралық Валюта Қоры (ХВҚ), Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (ЭЫДҰ), Еуропалық қоғамдастықтардың статистикалық бюросы (Еуростат), Біріккен Ұлттар Ұйымы (БҰҰ) және Дүниежүзілік банкі дайындаған 2008 жылғы Ұлттық шоттар жүйесіне сәйкес жүзеге асырылады, ол бірдей ұғымдарды, анықтамаларды, жіктелімдерді және бағалау әдістерін қолдануды қамтамасыз етеді.

S.18.2 Ішкі келісушілік

ҰШЖ шеңберінде әр түрлі шоттардың деректері арасында бірізділік бар. Іс жүзінде көрсеткіштердің толық консистенциясы әрдайым мүмкін бола бермейді. Мысалы, ЖІӨ-ді өндіріс және түпкілікті пайдалану әдістері бойынша қалыптастыруда. Себебі ЖІӨ-нің компоненттерін жеткізу және пайдалану үшін әр түрлі дерек көздерін қолдану болып табылады.

Әр түрлі әдістермен есептелген ЖІӨ-нің мәндері арасындағы салыстырмалы кесте төменде келтірілген:

2019 жылы өндіріс және түпкілікті тұтыну әдістерімен есептелген ЖІӨ

	2019 жылғы 1 тоқсан	2019 жылғы 1 жартыжылдық	2019 жылғы 9 ай	2019 жыл
Өндіріс әдісімен есептелген ЖІӨ, млн. теңге	13 180 857,2	27 908 618,1	44 297 912,1	69 532 626,5
Түпкілікті тұтыну әдісімен есептелген ЖІӨ, млн. теңге	12 687 121,6	27 343 030,2	43 619 848,5	67 486 942,2
Статистикалық алшақтық, %	3,7	2,0	1,5	2,9

Әдістер арасындағы орташа жылдық статистикалық сәйкессіздік 2,5% құрады.

Оны деңгейге шығарудың мүмкін әдістерінің бірі - ресурстарды пайдалану кестелерінен (бұдан әрі - РПК) деректерді алғаннан кейін ЖІӨ-ді қайта есептеу. РПК әр түрлі әдістермен есептелген ЖІӨ-нің барлық компоненттері бойынша өнім түрі бойынша нақтырақ ақпаратты ұсынады. Мұндай қайта есептеу ЖІӨ компоненттерінің сапасының жоғарылауына ықпал етеді.

Әрі қарай, ұсынылған кестеден көрініп тұрғандай, әдістер арасындағы сәйкессіздік деңгейі кезең сайын өзгеріп отырады. Жыл ішіндегі мұндай секірістер ағымдағы

тәжірибеге ЖІӨ-ді дискретті негізде есептеу және жылдық бағалаулар алынғаннан кейін таза тоқсандарды қайта есептеу тәжірибесіне енгізілгеннен кейін тегістелуі керек. Қазіргі уақытта 4-тоқсанның үлесі жоғары, өйткені жыл сайын алынған барлық мәліметтер жылдық ЖІӨ мен 9 айдағы ЖІӨ арасындағы айырмашылыққа қосылады. Қазіргі уақытта коммерциялық емес бірліктерді (нарықта емес өндірушілерді) статистикалық зерттеудің болмауына байланысты, ЖІӨ-дегі ҮШҚКЕҰ секторы туралы мәліметтер бағалау болып табылады (ҮШҚКЕҰ жалпы өнім және соңғы тұтыну шығыстары). Бұл мәселені шешу үшін ұлттық шоттарда ҮШҚКЕҰ көрсеткіштерін қалыптастыруда сенімді ақпарат көзі бола алатын коммерциялық емес ұйымдардың статистикалық шолуын енгізуді ұсынуға болады.

S.19 Жүктеме

Қазақстан Республикасы ішкі экономикасының ұлттық шоттарын Статистика комитетінің Ұлттық шоттар департаменті қызметкерлері Excelде қалыптастырады. Ұлттық шоттардың көрсеткіштерін қалыптастыру кезінде жалпы мемлекеттік статистикалық байқаулардың және әкімшілік дереккөздердің деректері пайдаланылады.

Басқа статистикалық жұмыстармен қайталау жоқ.

S.20 Деректерді қайта қарау

S.20.2 Деректерді қайта қарау /А6

Әдіснаманы, жіктеуішті өзгерткен жағдай қайта қарау жүзеге асырылады.

- 1) Деректер жыл сайын Статистикалық жұмыс жоспарында көрсетілген мерзімге сәйкес қайта қаралады. Алдын ала жылдық деректер есепті кезеңнен 120 күн өткен соң жарияланады. Есептік жылдық деректер есепті кезеңнен кейін 320 күннен кейін жарияланады.
- 2) Әдістеме, жіктеуіштер өзгерген жағдайда қайта қарау.

2019 жылы НКЖЖ құрудың қазіргі тәжірибесі оңтайландырылды. Бақыланбайтын экономиканы бағалау жаңа әдістемесін ескере отырып, ЖІӨ-ді қайта есептеу кезінде НКЖЖ динамикадағы көрсеткіштердің салыстырмалылығы үшін қайта есептеу жоспарлануда.

НКЖЖ қалыптастыру келесі негізгі топтарға сәйкес жүзеге асырылады:

ҰШЖ коды	Аталуы
БАРЛЫҒЫ НКЖЖ	
AN111	Тұрғын ғимараттар
AN112	Басқа ғимараттар мен имараттар
AN1121	Тұрғын емес ғимараттар
AN1122	Имараттар
AN1123	Жерді абаттандыру
AN113	Машиналар мен жабдықтар
AN1131	Көлік құралдары мен жабдықтары
AN1132	Ақпараттық, компьютерлік және телекоммуникациялық жабдықтар

AN1133	Өзге де машиналар мен жабдықтар
AN1133	Өзге де негізгі құралдар
AN114	Қару-жарақ жүйелері (қару және оның бөліктері, әскери жауынгерлік көлік құралдары)
AN115	Биологиялық активтер
	Басқа топтамаларға енгізілмеген негізгі құралдар
AN116	Өндірілмеген активтерге меншік құқығын беруге байланысты шығындар
AN117	Зияткерлік меншік өнімдері
AN1171	Ғылыми зерттеулер мен әзірлемелер
AN1172	Пайдалы қазбалар қорларын барлау және бағалау
AN1173	Компьютерлік бағдарламалық жасақтама және мәліметтер базасы
AN1174	Ойын-сауық, әдеби және көркем туындылардың түпнұсқалары
AN1179	Зияткерлік меншіктің басқа да өнімдері

2019 жылдан бастап негізгі құралдарды есепке алу неғұрлым бөлінген топтарда жүргізіліп келеді және НКЖЖ активтердің әр түрі бойынша бөлек құрылады, сәйкес топтарға топшалар бойынша мәліметтер қосылады. НКЖЖ құрылымындағы проблемалық бағыттар қару-жарақ жүйелері мен ҒЗТКЖ-ны бағалау болып қалады (2008 ж. ҰШЖ-ға көшуді аяқтау үшін ЖІӨ құрылымы сонымен бірге жалпы өнімнің, аралық тұтынудың, жалақының, негізгі капиталды тұтынудың және НКЖЖ өзгерісі түрінде ҒЗТКЖ-ны капиталдандыруды көрсетуі керек).

НКЖЖ НКИ алынған активтер құрылымы негізінде есептеледі.

S.21 Статистикалық деректерді өңдеу

S.21.1 Бастапқы деректер

Түпкілікті тұтыну әдісімен ЖІӨ қалыптастыру үшін бастапқы деректер:

- өндіріс әдісімен есептелген ЖІӨ компоненттері;
- салалық статистика деректері;
- Төлем балансы (ҚР Ұлттық банкі);
- Мемлекеттік бюджеттің кірістері мен шығыстары туралы есептер (ҚР Қаржы министрлігі).

S.21.2 Зерттеу кезеңділігі

Жыл, тоқсан

S.21.3 Алғашқы статистикалық деректерді жинау әдісі (тәсілі)

Жалпы мемлекеттік статистикалық байқау нәтижелері салалақ статистика басқармаларынан Excel кестелері түрінде алынды.

Әкімшілік деректер мемлекеттік органдармен ақпарат алмасу туралы қолданыстағы бірлескен бұйрықтар шеңберінде Excel кестесі түрінде ОДО арқылы сұраулар бойынша және дереккөздерден ресми сайттарынан алынды.

S.21.4 Алғашқы статистикалық деректердің анықтығы

Салалық статистика департаменттерінен және әкімшілік дереккөздерден алынған деректерге талдау жүргізіледі. Тексеру процесінде алынған нәтижелер өткен кезеңмен салыстырылады.

S.21.5 Импутация - үлесі/A7

Қолданылмайды.

S.21.6 Түзету

Қолданылмайды.

S.21.6.1 Маусымдық ауытқуларға түзету

Қолданылмайды.

S.22 Ескерту

Статистикалық деректердің сапасын қамтамасыз ету бойынша жұмысты жалғастыру.